

Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектептің кәсіби бағдар беруші педагогы Есдаулет Гүлнараның

2023-2024 оқу жылында атқарылған жарты жылдық есебі

2023-2024 оқу жылы басында жылдық жоспар жасалып, бекітілді. Сол жылдық жоспардан айлық пен апталық жоспар жасалып ай сайын, апта сайын бекітіліп отырады. Жылдық жоспар бойынша атқарылған жұмыстар төмендегіше:

Оқу жылының басында, яғни қыркүйек айында айлық жоспар мен қоса апталық бекітілді. Оқу жылының басы өткен оқу жылында бітірген түлектердің түскен оқу орны мен мамандықтарын анықтаумен басталды. 9-11 сынып оқушыларын түлектерге арналған жадынамамен таныстырып, таңдап отырған мамандықтарын анықтадым. Ата-аналар жиналысы өтілді. 9-11 сынып оқушыларымен мамандық түрлеріне байланысты сауалнама, мамандық түрлеріне қабілетін анықтау мақсатында тест алынды.



Сауалнама, тест нәтижесімен таныстырылды. Мектептегі жас ұстаздармен кездесу кеші ұйымдастырылды



Қазан айына айлық жоспар бекітіліп, апталықпен жұмыс жүргізілді. 5-6-7-8 сыныптардан кәсіптік бағдар бойынша тест алынды. Нәтижесімен таныстырылды. Мониторинг жасалды.

9-10-11 сынып оқушылар жетістікке жеткен мектеп түлектерімен, яғни осы мектепті бітіріп, осы мектепте жұмыс жасап жатқан мамандармен кездесу ұйымдастырылды. «Қандай кәсіп мамандыққа бейіміңіз бар?» тестін интернет ссыла арқылы тапсырып, анықталды.



Қараша айында «Менің болашақ мамандығым» тақырыбында 7-8-9-10-11 сынып оқушыларынан эссе жазу ұсынылды. Әр оқушы өз ойларын жеткізе білген, таңдаған мамандықтары туралы зерттеп, нақты жазған. Аудандағы «жұмыспен қамту орталығы» мекемесіне саяхаттап, қазіргі таңда қай мамандықпен көптеген сұраныс түсіп, жұмысқа орналасып жатқан мамандар туралы ақпараттар алды. «Мамандық – өмір бастауы» тақырыбында 9-10-11 сыныптарға кәсіби бағдар бойынша тренинг өтілді. Мектеп ішіндегі асханаға саяхат жасалды. «Ата-анамның кәсібімен мақтанамын» тақырыбында сурет байқауы сыныптар арасында ұйымдастырылды.



Желтоқсан айында мектеп ішіндегі музейге саяхат жасалды. Ауылдағы Мед.пунктің жұмысымен танысты.



9-11 сыныптармен «Мамандықты саналы таңдау дағдыларын қалыптастыру» тақырыбында тренинг ұйымдастырылды. «Мен таңдаған мамандық» тақырыбында 2-6 сыныптар арасында сурет салынды. Оқушылар темір жолшалардың жұмысымен танысты. «Мамандық – асыл қазынам» тақырыбында дөңгелек үстел өтілді.



